

Ұлы елге саяхат осылай басталды

Фото – эссе

Қазақстанның тоқсан бес жастағы қарт журналист - жазушысы, жиырмадан астам кітаптың авторы Тауман Төреханов: «Осы жас келді-ау» Америка Құрама Штаттарының тынысын бір көрейінші деп сапарлағысы келді. Әкесінің бұл ойын Қалтай мен келінім Балзада Ембергенқызы қабыл алды.

Сөйтіп, АҚШтың екі штатына алып барды. Осы сапардан көрген білгендерімді жинақтап, түсіріп алған фотобейнелерімді сүйікті халықыма, қымбатты оқырмандарыма ұсынамын.

Сәтті жол, сапар болғай

Алматы - Ыстанбұл. Туысқан арда халқымның атышулы әуежайына келдік. Әуежай сонша ұнады! Олай дейтінім, Қазақстан – туған елімде журналист қаламгері болып, отыз жылдан астам баспасөздің газеттің бас редакторы болған соң, жер шарының біраз өңірлерінде болған едім- ау.

Ыстанбұл теңдесі жоқ әдемі де көрікті әуежай екен. Ұшақтар жолаушылары әуежайды аралап көріп мәз болды. Жолаушылардың бұл таңқалуы осы жолдардың авторына- қарт журналистке үлкен ой салды.

Он үш сағат көкте

Әуе кемесімен Ыстанбұлдан (Түркия) ұштық. Ұлы ел АҚШ сапары осылай басталды. Он сағаттан астам уақыт болар, мұхит үстімен көкте қалықтаған ұшақтың ішінде мызғымай, көп қиындық көрмей қарт жолаушы отырдым ау. Әрине, қасымда қамқорлығы шексіз Қалтайым мен Валя келінім болды ғой.



Қонатын әуе жай Даллас Форт Уерт (DFW) Техас штатында орналасқан. Боинг 787-9 Dreamliner жолаушылары ұшақ экипажына ризашылығың іштей білдіріп отырды. Даллас әуежайы кешкі таза ауасымен, және ыстық лебімен қарсы алды. Даллас әуежайы жолаушы тасымалдау жағынан 5 терминалы бар, 3 ұшақ жолы

бар. Әлемдегі екінші порт (80 млн. жолаушы), бірінші орында американың **Атланта** әуежайы Хартсфилд - Джексон, бізге өте ынғайлы, көп функционалды әуежай болып көрінді.

Әуе кемесімен, рейс «American Airlines» Даллас- Сан Франциско



10 мамыр 2024ж.

Ұшақта Төрехановтар
Әулетінің бас келіні Балзада
Емберген кызы атасымен.

*Төрехановтар әулетінің
тұңғыш тұяғы тиген
Америка қақпасы!*

Айта кеткенім артық болмас,
жат жер, жат өңір, жат Ел,
бірақ әлемге тіршілік
тынысын, ғылым, өнер өрісін
сыйлаған, Әлем халқы бір
көруге, бір қасиетті жерінде
болуға арман ететін Ел,
мемлекет - АҚШ. Біз арда
Елді көріп, еске алып, қасиетті
халқына, Ел басшылығына
қазақ Елі атынан тоқсан бес
жастағы қарт Қазақстан
Республикасының Құрметті
Азаматы, журналист-жазушы
ақ батасын береді!

Даңқы елдегі тыныс



Иә, тоқсан бес жастың биігін
алған атасын сүйікті келіні
Балзада Ембергенқызы қайда
барсақта қол арбаға
отырғызып алып жүреді-ау!
Алғысым шексіз! Еске салсам,
келінім біздің аталықтың Бас
келіні! Көп жаса, бақ пен
дәулет дарысын!!!

Өсіп келе жатқан ұлылар,
әруақтылар, батырлар
аталарының келініне алғысым
шексіз!

АҚШ мамыр 2024ж.



**Рейс «American
Airlines» Даллас - Сан
Франциско**

АҚШ сапары, көргендері
сонша қуаттандырып көңіл-
күйімді көтерді-ау!



Төрехановтар АҚШ туы астында

Төрехановтар АҚШ-тың Алтын көпірін көруге жолға шықты-ау!

Міне Golden Gate қақпасы! Осы бір тарихи жерге әулет мүшелері біраз уақыт тоқтап, Ұлы Елдің жеріне, табиғатына, өсімдіктеріне көз салып, туған Ел өңірімен салыстырып, қызықтады...

Туған Елге, Атамекенге өсетін жұпар иісті денсаулыққа ем болатын, Ұлы далаға мұрынды жаратын қазақ жусаны

жоқ есеп!

Ұлы Есет Көтібарұлы Батырдың Ұрпағы Мария Жұмағалы қызының Ыстық қой туған жердің топырағы. Сағынып жұпар иісті жусаныңды жүрегім дүрсіл қағып оталады!

Осы лирика жолдары еске түсті-ау! Сол кезде туған Ел, туған жер қарт қаламгердің кәрі көзін жасқа толтырды-ау! Әрине, қуанышты жас қой!

Иә, Ұлы Елді Американы Әлемге танытып отырған Даласын көруге көзге, көңіл де толар емес-ау! Айта кетсем, 95 жастағы қарт қаламгер-журналист жазушы көрген, табаны тиген, қаламгерін жылы қабылдаған қарт жүрегім АҚШ жерлеріне, сұлу табиғатына, сыңсыған орман-тоғайларына мәз болды-ау, шіркін ай десеңші?!

Жеке пікірім ғой “сан” сөзі испанша киелі де қасиетті мағынаны білдіреді-ау. Ал испандық діндар әулие-заманында Франциско осы өңірге бір келген екен сол ұлының есімімен өңір аталып кетіпті. Осы жолдар авторы бір тарихи құжаттан танысқан еді. Дәл анықтамасы Әлемдік Википедияда берілген.

Сан-Францискоға жолға шықтық



АҚШ - Төрехановтар әулеті

Қымбатты көрермендерім оқырмандарым - қызықты, тарихи ескерткіш мұраларын көруге көзі де көңілге тоймайды екен, ой, Дүние-ай!



Алтын көпір үстінде!



Алтын көпір, Калифорния АҚШ.

Ия бұл Алтын көпір бір тарих! Жағдайым болса, «Америкаға бір сапар» атты көлемді Естелік жазуымда ойда бар.

Кешегі Әлемдік түрме - бүгінгі музей!



Айта кетейінші, бұл тарихи объектіні жылына әлемнің миллиондай адам көреді екен... Солардың бірі бізде болдық-ау, Дүние-ай!

Бұл сурет Солтүстік Тынық мұхитінің бір жағасы қарт қаламгер осы жолдардың авторы үлкен ой үстінде, біраз қарап тұрды-ау. Заманында көз қарастары үйлесе бермейтін қайраткерлердің қымбат өмір жолдары бар күрескерлері – ойлары, қимылдары осы аралға жұтылып кетті-ау, дүние-ай, десеңші!

Суретті көрген сайын үлкен ойға қалдым-ау...

Бұл “Аралды” әлемдік музейге айнылдарған АҚШ мемлекеті басшыларына дән риза толдым ғой. АҚШтың кешегі, бүгінгі басшылығына ризашылығым шексіз!



Қазақстан
Республикасының
Құрметті Азаматы қарт
журналист-жазушы
Тауман Төреханов
АҚШ мамыр, 2024ж.

Алькатрас түрмесі-
мұхит аралында.
Суреттегі сол түрме.

Иә көрген, жазбаларда
оқыған адамдар
жағасын ұстар! Мұхит

музей төсіндегі, арал сияқты болып көрінген бір замандағы АҚШ-тың түрмесі, бүгінгі түрме-музейі “Алькатрас” Сан-Франциско. Жиырмамыншы ғасырға дейін бұл түрмеге қамалған адамдар - “қылмыскерлер” ешқайда қашып шыға алмайды екен, айналасы түпсіз көк теңіз-мұхит!



Алтын көпір сәулетшісі - архитекторы ағылшын тілінде жазулы тұр, оригиналында.

Халық ұсынысы!

Еске түседі-ау, қырықтай сәулет-архитектура жөніндегі кітаптардың авторы - Қазақстанның тұңғыш архитектура ғалымы Алматы, Ақтөбе қалаларының және көрікті де көлемді объектілерінің сәулетшісі **Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов** атында Алматыда, Ақтөбеде, Шалқарда сәулетші есіміне берілген көшелер бар. Алматы политехникалық институтында кафедра бар, жұмыс істейді.

Мына Американың Бас сәулетшісінің, Ескерткішін көрген

соң, есіме түседі-ау, Алматыда, Ақтөбе, Шалқар қаласында неге Қазақтың тұңғыш сәулетші, ғалымы **Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов**ке Ескерткіш орнатылмады. Бүгінгі халық сұранысы неге ескерілмеді?! Алматы, Ақтөбе Қазақстан үкіметі мұндай көкейтесті ұсынысты қабылдап, Ескерткіш-орнату керек болар!... Халық сонда риза болар билікке.



Даллас, АҚШ. Төрехановтар әулеті ұлы Ел тынысымен танысып жүрген бір кезі.

28 МАУСЫМ - БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ. ҚАРТ ЖУРНАЛИСТТІҢ АҚШ-ТАН СӘЛЕМІ




Журналистер мерекесі қарсаңында Кеңес дәуірінде «Шалқар» аудандық газетін (бұрынғы «Коммунизм таңы») 30 жыл басқарған, 20-ға тарта кітаптың авторы, 95 жастағы қарт журналист-жазушы Тауман Төреханов ағамыз әріптес ізбасар інілерін және «Шалқар» газетінің оқырмандарын баспасөз күні мерекесімен құттықтап, мықты денсаулық пен табыстар тіледі. Қазіргі күні Техас, Калифорния штатында саяхаттап жүрген ардагер - журналист ұлы елдің ұлағаттарымен танысып жүргенін баяндады. Әсіресе, Сан-Францискодағы Алтын көпір алаңының, мұхит төсіндегі арал сияқты болып көрінетін, бір замандағы АҚШ-тың түрмесі, бүгінгі түрме-музейі — «Алькатрас», тағы да басқа керемет тарихи жерлердің өзіне қатты әсер қалдырғанын айтты. Құдай қуат берсе, осы Америка саяхатынан алған әсерлерін, көрген-білгенін алдағы бір шығармасына арқау ететініне де тоқталды.


Тұған жерге, өзімізге ердайым тілөкесте ақсақалымызға Алла Тағала денсаулық берсін, 100-ге жасын дай ееле, мерейлі сәтімде мұхиттың арғы жағынан жолдаған ақсарма құттықтауы үшін бә де оған алғысымызды білдірдік.

Техас, Даллас қызыл мұражайы. Серуендеп жүрген Ата шөбересімен.

Туған жерге, өзімізге әрдайым тілектес ақсақалымызға Алла Тағала денсаулық берсін 100-ге келсін дей келе, мерейлі сәтімізде мұхиттың арғы жағынан жолдаған ақжарма құттықтауы үшін біз де оған алғысымызды білдірдік.

Далластың мұрағаты-мұражайы. Қазақстанның қарт қаламгер, журналист, жазушы Тауман Төреханов ұлымен Даллас мұражайында.





*Тарихи мұражай, шіркін-ай!
Жағдайым болса, кәнекей, тарихын
жазармын...*

*Даллас қаласы-сұлу! Жазушы-
журналист Тауман
Алыбай+Есімбай ұлының сүйікті
келіні Балзада Ембергенқызы
Төреханованың қол арбасымен*

*Даллас қаласында дем алып
жүрген бір сәті.*

American Airlines: Dallas – San-Francisco.

АҚШтың 35-ші президент алаңы! Әкесі ұлымен, немересімен мамыр 2024ж.



АҚШ сапары, көргендері сонша қуаттандырып көңіл - күйін көтереді-ау!

Суретте: Тауман Төреханов

Фриско, Техас, Сан-Франциско, Даллас өңірлерінде болып, демалып отырған бір кезі.

Еске сала кетейінші, автор Тауман Төреханов жиырма шақты кітаптың авторы: төрт мыңдай очерктердің эсселердің; өзекті мәселелердің қаламына түскен қарт журналист-жазушы.

Жол түскен соң, АҚШ өңірінің бір қатар жерлерінде болған. Енді қаланы бұл көрген білгендерінен түсерме екен?

Ия қаламымның сиясы кеткен жоқ-ау! Уақыт, шабыт, денсаулық болса кәнекей, бәрі де қағазға түседі.

Ұлы Елге алғысым шексіз!



Американың арда халқы! 95 жастағы Қазақстандық журналист-жазушыны Сіздердің жылу қабылдап, құрмет көрсеткендеріңе аталық - әкелік Алғысым шексіз!

Қорытынды бір сөзім!

Ұлы Елдің екі Штатында жалықпай, талмай көңіл-күйім жадырап, 75 күн-екі ай 15 күн болдым-ау! Қалтай жаным мен Балзада Ембергенқызы Төреханова, Сәулем мен Диасым, Маратым қол арбаға отырғызып, жақсы жадыраған көңілдері мен атасын әкесін алып жүрді-ау. Ерекше бір есте қалды.



Техас, АҚШ. Демалыс, ұлымен.



*Тауман Төреханов,
ҚР-ның мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткері, Ақтөбе облысына сіңірген
еңбегі үшін медалының иегері, Шалқар ауданының құрметті Азаматы
КСРО, ҚР-ның Құрмет Грамоталарының лауреаты, КСРО, ҚР
медалдарының, ҰОС-тың тыл еңбеккері, журналист-жазушы
жиырмадай кітаптың авторы.*